*Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы*
*Әдістеме – библиография бөлімі*

# АТА ЗАҢ - ЕЛ ТІРЕГІ

## */Қазақстан Республикасы Конституциясына – 25 жыл/*

***Жаднама***



***Арқалық 2020***



**«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық мемлекетінің нығайып көркеюі жолында жан теріңді аянбай жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа»**

***Н.Ә.Назарбаев***

# *Ардың шыңы - Ата Заң*

Осы жылы елімізде айтулы мерекелер көп соның бірі және бірегейі бас заңымыз Конституцияға биыл 25 жыл толып отыр. Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып осы Конституцияны қабылдаған елміз, сондықтан Конституцияны құрметтеу оны ұлықтау біздің басты парызымыз. Қазақ елінде заң үстемдігін орнатамыз десек ең алдымен Конституцияны және осыған негізделген барлық заңдармен өзгеде құқықтық актілерді бұлжытпай орындап сақтай білуіміз керек.

Конституция мызғымас мемлекетіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі. 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдум Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдады. Онда мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың ұйымдастырылуы және болашаққа бағдар ұстай отырып қызмет ету ұстанымдары белгіленген. Адамның және азаматтың конституциялық мәртебесі, мемлекеттік билік пен мемлекеттің әлеуметтік базасының қайнар көзі ретіндегі адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары және міндеттері баян етілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясы тоғыз бөлімнен, 98 баптан тұрады. «Жалпы ережелер» деп аталған I бөлімде Қазақстан Республикасының саяси сипаттамасы, қызметінің түбегейлі ұстанымдары көрсетілген; президенттік басқару нысаны, құқықтың қолданылуы айқындалған; идеологиялық және саяси алуандылық, меншікке қатысты қағидалар тұжырымдалған. Қазақстан Республикасы Конституциясында «Мемлекеттік биліктің бірден – бір бастауы – халық деп жарияланған.

Адамның құқықтары, бостандықтары мен міндеттері, азамат және азаматтыққа байланысты ережелер «Адам және азамат» деп аталған II бөлімде жинақталып берілген. Қазақстан Республикасы Конституциясы бойынша заң мен сот алдында жұрттың бәрі бірдей; азаматтардың өмір сүруге, жеке бас бостандығына, еркін қоныс аударуына, саяси бірлесуге, еңбек етуге, меншік иесі болуына, денсаулығын сақтауға, ұждан бостандығына, білім алуға т.б. құқығы бар. Адамды қорлауға болмайды, ары

қорғалады. Сонымен қоса, азамат өзіне тиісті конституциялық міндеттерін де абыроймен атқаруға тиісті.

III бөлімде Президенттің, IY бөлімде Парламенттің, Y бөлімде Үкімет құрамдарының жасақталуы, сайлану және тағайындалуы мерзімдері мен заңдары, өкілеттіктері, атқаратын қызметтері, түрлі саяси ахуалдағы әрекеттерінің бағыттары, өзге органдармен байланыстары, ел экономикасын дамыту бағытында атқаратын жұмыстары, ішкі - сыртқы саясатты айқындап жүргізуі т.б. баяндалған.

YI бөлімде Конституциялық Кеңестің құрылуы мен қызметінің бағыттары, YII бөлімде соттар мен сот төрелігінің жасақталуы, атқаратын қызметінің мазмұны мен реттілігі туралы айтылған. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару ережелері YIII бөлімде тұжырымдалған. Соңғы IX бөлімде қорытынды және өтпелі ережелер берілген.

Конституцияның маңызды ерекшелігі – ол бір жағынан, мемлекеттің, ал екінші жағынан, қоғамның Негізгі заңы болып табылады. Мұның өзі мемлекеттік биліктің қайнар көзі ретіндегі және қоғамның әлеуметтік базасы ретіндегі халықтың мәртебесімен байланысты. Конституция мемлекетті оның барлық элементтерімен: аумағымен, жоғары өкімет билігімен, азаматтығымен, дербес заң шығарушылық қызметімен, т.б. қоса баянды етеді.

Конституция мемлекеттің, мемлекеттік органдардың қоғаммен, қоғамдық институттармен өзара қарым - қатынастарының негіздерін қалайды. Ол қоғамдық құрылыстың экономикалық, ұйымдық, рухани және жеке тұлғалық негіздерін де анықтайды. Мемлекет қана емес, оның институттары да Конститутцияның құқықтық ережелерін, идеяларын пайдаланады. Қоғамның құрамдас бөліктері де (бірлестіктер, ұйымдар) өз қызметтерін Конститутцияға негіздеп құруға тиіс. Жекелеген заңдар белгілі бір қоғамдық институттардың – саяси партиялардың, діни, мәдени бірлестіктердің т.б. құрылуы мен қызметтерінің бағыттарын айқындайды. Өздерінің мақсаттары мен әрекеттері арқылы конститутциялық құрылысты зорлықпен өзгертуге, республиканың тұтастығын бұзуға бағытталған қоғамдық ұйымдардың құрылуына және әрекет етуіне тыйым салатын Конституцияның нормативтік ережелері тура және тікелей іске асырылады. Сондықтан құқық қорғау органдары Конституция нормаларының бұзылу жағдайына қатысты шаралар қолданғанда, Конституцияның өзін тікелей басшылыққа алады.

# Қазақстан Республикасының Конституциясы, еліміздің бейбітшілік пен келісімінің негізі



ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫНА

25 ЖЫЛ




ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ
“Конституция – бұл да ел рәміздерінің бірі. Сондықтан негізгі заңды елдің туы, әнұраны және елтаңбасы секілді қадірлеу, құрметтеу – біздің парызымыз”
Н. Назарбаев


Конституция құрылымы
I бөлім. Жалпы ережелер
II бөлім. Адам және азамат
III бөлім. Президент
IV бөлім. Парламент
V бөлім. Үкімет
VI бөлім. Конституциялық кеңес
VII бөлім. Соттар және сот төрелігі
VIII бөлім. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару
IX Бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер


Конституция туралы:
28 қаңтар 1993 жыл
30 тамыз 1995 жыл
Кіріспе, 9 бөлім, 98 бап
1998ж, 2007 ж өзгерістер енгізілді
MyShared

## *Конституция туралы мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар:*

1. Айманов, Б. Алаш конституциясы жобасының концепциясы [Мәтін] : (тұжырымдамасы: түсінігі, құрлымы, мәні) / Б. Айманов // Қазақстан тарихы (әдістемелік журнал). – 2019. – № 2. – Б. 3–16.
2. Шапақ, Үнзила. Жолдау - қазақстандықтардың конституциялық құқықтарының кепілі [Мәтін] : [Елбасы Жолдауынан] / Ү. Шапақ // Егемен Қазақстан. – 2018. – 13 қараша. – Б. 5.
3. Сәрпеков, Рамазан. Конституция - ел дамуының арқауы [Мәтін] : [Ата заң] / Р. Сәрпеков // Егемен Қазақстан. – 2018. – 28 тамыз. – Б. 7.
4. Ақшалов, К. Тәуелсіздік тірегі [Мәтін] : [Конституция] / К. Ақшалов // Қостанай таңы. – 2018. – 29 тамыз. – Б. 4.
5. Арын, Ерлан. Конституционализм: қазақстандық даму жолы [Мәтін] : [30 тамыз – Конституция күні] / Е. Арын ; суретті түсірген Ерлан Омар // Егемен Қазақстан. – 2018. – 24 тамыз. – Б. 7.
6. Әленов, Тельман. Конституция – тұрақтылық тұғыры [Мәтін] : [30 тамыз – Конституция күні] / Т. Әленов // Егемен Қазақстан. – 2018. – 23 тамыз. – Б. 7.
7. Мәми, Қайрат. Конституциялық новеллаларды іске асыру - Қазақстанның одан әрі көркеюінің кепілі [Мәтін] / Қ. Мәми // Егемен Қазақстан. – 2018. – 12 наурыз. – Б. 4.
8. Рогов, Игорь. Конституциялық реформаның қисынды жалғасы [Мәтін] : [Елбасы Жолдауы] / И. Рогов // Егемен Қазақстан. – 2018. – 27 ақпан. – Б. 3.
9. Хасанов, Рамил. Бейбітшілік пен тұрақтылықтың жақтаушысы [Мәтін] : [ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев] / Р. Хасанов // Егемен Қазақстан. – 2017. – 3 сәуір. – Б. 3.
10. Жалаири, Өмірәлі. Замана рухына сай өзгерістер [Мәтін] : [Ата Заң] / Ө. Жалаири // Егемен Қазақстан. – 2017. – 30 наурыз. – Б. 3.
11. Мұқаев, Ерболат. Конституциялық өзгерістердің тарихи кезеңі [Мәтін] / Е. Мұқаев // Егемен Қазақстан. – 2017. – 29 наурыз. – Б. 4.
12. Тарихи құжатқа қол қойылды [Мәтін] : ["Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңға жария түрде қол қою рәсімінде Президенттің сөйлеген сөзі] / Н. А. Назарбаев ; сурет Президенттің баспасөз қызметінен алынды // Егемен Қазақстан. – 2017. – 13 наурыз. –Б. 1.

13. Бекмұхамедов, Ғазиз. Қазақстанның жаңа тарихи дәуірі [Мәтін] : [конституциялық реформа жайлы] / Ғ. Бекмұхамедов // Қостанай таңы. – 2017. – 7 наурыз. – Б. 3.
14. Мұқанов, Бауыржан. Конституцияның 23 бабына өзгеріс енгізіледі [Мәтін] : [өкілеттіктерді мем. билік тармақтары арасында қайта бөлу жөніндегі жұмыс тобының отырысы өтті] / Б. Мұқанов ; Сурет Президенттің баспасөз қызметінен алынды // Егемен Қазақстан. – 2017. – 2 наурыз. – Б. 1, 2.
15. Исенов, Өтеген. Мемлекеттің құқықтық құжаты [Мәтін] : [Қазақстан Конституциясына - 20 жыл] / Ө. Исенов // Қостанай таңы. – 2015. – 2 қыркүйек. – Б. 8.
16. Дәрелұлы, Таңатар. Ата заң [Мәтін] : [өлең] / Т. Дәрелұлы // Егемен Қазақстан. – 2014. – 30 тамыз. – Б. 3.
17. Жармұхамедова, Гүлзада. "Заң мен сот алдында бәрі тең" [Мәтін] : [Қазақстан Конституциясына - 20 жыл] / Г. Жармұхамедова // Қостанай таңы. – 2015. – 28 тамыз. – Б. 23.
18. Олжабаева, Баян. Жасампаздық пен жаңғыру [Мәтін] : [Қазақстан Конституциясына - 20 жыл] / Б. Олжабаева // Егемен Қазақстан. – 2015. – 26 тамыз. – Б. 5.
19. Жәнібеков, Марат. Конституция кепілдендірген әлеуметтік қорғау жүйесі [Мәтін] / М. Жәнібеков // Егемен Қазақстан. – 2015. – 25 тамыз. – Б. 9.
20. Әбішева, Ляззат. Конституцияға 20 жыл [Мәтін] : [Конституция баптарын түсіндіру, Халықаралық аса маңызды құжаттар туралы] / Л. Әбішева // Торғай. – 2015. – 21 тамыз. – Б. 3.
21. Жолдыбай, Кенжеболат. Ата заңды құрметтеу - асыл парыз, зор міндет [Мәтін] / К. Жолдыбай // Егемен Қазақстан. – 2014. – 26 тамыз. – Б. 3.
22. Зиманов, Салық. Қазақтың ата заңдары және оның бастаулары [Мәтін] : [ қазақ құқығының бастаулары] / С. Зиманов // Айқап. – 2013. – № 2. – Б. 35–47.
23. Жәнібеков, Б. Ата заң - кемел келешек кепілі [Мәтін] : [Конституция күніне орай] / Б. Жәнібеков // Заң және заман. Закон и время. – 2012. – № 8. – Б. 20–21.
24. Назарбаев, Нұрсұлтан. Конституция - бүкіл халықтың ерік жігері [Мәтін] : [Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңындағы конституция күні туралы] / Н. Назарбаев // Қазақ. – 2011. – 2 қыркүйек. – Б. 1.
25. Әміреұлы, Махмұтбай. Ата Заң [Мәтін] : [30-тамыз - Конституция күніне арналған өлең] / М. Әміреұлы // Жыл он екі ай. – 2011. – № 3. – Б. 109.

26. Қазақстан Республикасының Конституциясы=Конституция Республики Казахстан [Мәтін] : фотоальбом. 1995 жылғы 30 тамызда өткізілген Республикалық референдумда қабылданды. - Алматы: Раритет, 2010. - 400 б.
27. Назарбаев, Нұрсұлтан. Конституция бойынша өмір сүру - азат адамдардың артықшылығы [Мәтін] : [ҚР Конституциясының 15 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми конференция туралы] / Н. Назарбаев // Ақиқат. – 2010. – № 10. – Б. 4–7.
28. Бердиярова, Жамилия Серікбайқызы. Қазақстан Республикасында еңбек ету бостандығының конституциялық - құқықтың реттелуі [Мәтін] : заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферааты / Ж.С. Бердиярова ; әль-Фараби атындағы ҚҰУ. - Алматы, 2010. - 24,[3] б.
29. Назарбаев, Нұрсұлтан. Конституция бойынша өмір сүру - азат адамдардың артықшылығы [Мәтін] : [ҚР Конституциясының 15 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми конференция туралы] / Н. Назарбаев // Ақиқат. – 2010. – № 10. – Б. 4–7.
30. Ахметов, Мұрат. Конституция - еліміздің ең басты Заңы [Мәтін] : [еліміздің Ата Заңына - 15 жыл] / М. Ахметов // Заң және заман-Закон и время. – 2010. № 9. – Б. 31-33.
31. Мұхамедияров, Жайылхан. Барша заңның бастауы [Мәтін] : [ата заң - тәуелсіздік тірегі мен тұғыры] / Ж. Мұхамедияров // Заң және заман-Закон и время. – 2010. № 9. – Б. 34–35.
32. Ақсеитова, Мадина. Конституция - азаматтардың құқығы мен бостандығының кепілі [Мәтін] : [конституция - саяси тұрақтылық пен азаматтар әл-ауқатының артуының кепілі] / М. Ақсеитова // Тәрбие сағаты – Классный час. – 2010. № 4. – Б. 3.
33. Әбішев, Қ. Ата заң мемлекеттің тұғыры [Мәтін] : [Конституцияға – 15 жыл] / Қ. Әбішев // Сақшы. – 2010. – 18 наурыз. – Б. 4.
34. Бошыбаев, Тұрғынбек. Ата заң - айбынымыз [Мәтін] : [Қазақстан Республикасының Конституциясы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілі] / Т. Бошыбаев // Торғай. – 2010. – 27 тамыз. – Б. 3.
35. Қалимбекова, Әсел Рахатовна. Мемлекеттік органдар және лауазымды тұлғалардың заңды жауапкершілігі [Мәтін] : заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферааты / Ә.Р. Қалимбекова ; Қазақ гуманитарлық-заң ун-ті. - Астана, 2009. - 22,[6] б.

36. Назарбаев, Нұрсұлтан. Конституция - біздің асқар абыройымыз! [Мәтін] : [Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналғанәскери парадта сөйлеген сөзі] / Н. Назарбаев // Ақиқат. – 2009. – № 10. – Б. 4–6.
37. Әбдірахманов, Ерболат. Ата заң – әділдіктің кепілі [Мәтін] : [конституция күніне орай] / Е. Әбдірахманов // Заң газеті. – 2009. – 31 шілде. – Б. 7.
38. Касенова, Ж. Ата заңымыз [Мәтін] : [Ата Заңды құрметтеу – парызымыз!] / Ж. Касенова // Заңдылық және құқықтық статистика. – 2009. – № 2.– Б. 7.
39. Қалимбекова, Әсел Рахатовна. Мемлекеттік органдар және лауазымды тұлғалардың заңды жауапкершілігі [Мәтін] : заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферáты / Ә.Р. Қалимбекова ; Қазақ гуманитарлық-заң ун-ті. - Астана, 2009. - 22,[6] б.
40. Ермекқалиева, Ш. Конституцияның тұрақтылығы - ел дамуының кепілі [Мәтін] : [ата дәстүрді қадірлеп, кейінгі ұрпаққа жеткізу жайлы] / Ш. Ермекқалиева ; Ш. Ермекқалиева // Заң. – 2008. № 11. – Б. 54.
41. Назарбаев, Нұрсұлтан. Конституция Қазақстанның өркені мен өрлеуі [Мәтін] : [елбасының Конституция күніне баяндамасы] / Н. Назарбаев // Торғай. – 2008. – 29 тамыз. – Б. 1.
42. Камердинова, Р. Алтын заңым, асыл заңым - қуатым! [Мәтін] : [тарих және қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесі] / Р. Камердинова ; Рукиям Камердинова // Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. – 2008. – №2. – Б. 67–69.
43. Кенжалиев, З. Ж. Қазақстан Республикасында конституциялық заңнаманың дамуы [Мәтін] : оқу құралы / З.Ж. Кенжалиев, В.А. Ким ; ред. басқ.: З. Ж. Кенжалиев. - Алматы: Жеті жарғы, 2008. - 120 б.
44. Қазақстан Республикасының Конституциясы=Конституция Республики Казахстан [Мәтін] : Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы № 254-ІІІ Заңымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген ресми мәтін. - Алматы: Жеті жарғы, 2007. - 136 б.
45. Ағыбаев, Арықбай. Конституциялық реформалар халықаралық деңгейге сай [Мәтін] : [елдегі саяси реформалар туралы] / А. Ағыбаев // Қазақ әдебиеті. – 2007. – 15 маусым. – Б. 3.
46. Әбішев, Қ. Конституция - мемлекеттіліктің тұғыры [Мәтін] : [Конституциялық құқықтар мен бостандықтар барлық жағдайда негізгі құқықтар болып табылады] / Қ. Әбішев // Астана. – 2007. – № 6. – Б. 42–43.

47. Назарбаев, Нұрсұлтан. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы [Мәтін] : Қазақстан Республикасының заңы / Н. Назарбаев // Ақиқат. – 2007. – № 6. – Б. 4 – 11.
48. Абдикасова, Айман. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен рәміздері [Мәтін] : [заңға деген жауапкершілікті сезіну, құрметтеу] / А. Абдикасова // Жалпы тарих. – 2007. – № 5–6. – Б. 28.
49. Елімізде саяси реформалар тереңдей түсті [Мәтін] : [ҚР Конституциясына енгізілген өзгенрістер мен толықтырулар туралы] // Арқалық хабары. – 2007. – 25 мамыр. – Б. 1.
50. Әбіш, Дамир. Дамудың жаңа кезеңі [Мәтін] : [саяси реформаның мәні билікті бөлісу механизмдерін жетілдіру] / Д. Әбіш // Қостанай таңы. – 2007. – 22 мамыр. – Б. 3.
51. Жақсыбекова, Меруерт. Аңсаған ата заңым [Мәтін] : [Конституция баптарын түсіндіру, Халықаралық аса маңызды құжаттар туралы] / М. Жақсыбекова // Қазақ тарихы. – 2007. – №4. – Б. 120 –122.
52. Көшербаев, С. Қазақстан Республикасының Конституциясындағы жаңа реформалар [Мәтін] : [Қазақстан Республикасы Конституциясы халық үшін жазылған, тек оның әлеуетін дұрыс пайдалануға ерекше көңіл бөлу қажет] / С. Көшербаев ; Серік Көшербаев // Тура Би. – 2007. – № 4. – Б. 40–42.
53. Арғынбекова, Гүлнар. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару органдарының бюджеттік құзыретінің ерекшеліктері және теориялық мәселелері [Мәтін] : заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферады / Г. Арғынбекова. - Алматы, 2006. - 23 б.
54. Қазақстан Республикасының Конституциясы=Конституция Республики Казахстан [Мәтін] : фотосуреттер / Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі Х.А. Әбішев; Қазақстан Республикасы Кеңесі төрағасының кеңесшісі М.Т. Кемалов. - Алматы: Дидар, 2005. - 364 б.
55. Қазақстан Республикасының Конституциясы=Конституция Республики Казахстан [Мәтін]. - Алматы: Жеті жарғы, 2005. - 192 б.
56. Қонақбаев, Бақыт. Азаматтарды құқықтық қорғау және олардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін нығайту [Мәтін] : [конституциямыздың нормаларында адамның құқықтары мен бостандықтары туралы] / Б. Қонақбаев; Бақыт Қонақбаев // Заң. – 2005. – № 6. – Б. 26–28.

57. Құнапина, Қ. Қазақстан Республикасы Конституциясының әлеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі шаралар туралы [Мәтін] : [Ата Заңға - 10 жыл] / Қ. Құнапина, А. Тортаева, К. Манабаева // Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. – 2005. – № 8. – Б. 8-11.
58. Қалимұқашева, А. Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары [Мәтін] : [Конституциялық құқықтар мен бостандықтар барлық жағдайда негізгі құқықтар болып табылады] / А. Қалимұқашева ; Айгүл Қалимұқашева // Заң. – 2005. – №8. – Б. 19–20.
59. Қазақстан Республикасының Конституциясы=Конституция Республики Казахстан [Мәтін] : фотосуреттер / Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі Х.А. Әбішев; Қазақстан Республикасы Кеңесі төрағасының кеңесшісі М.Т. Кемалов. - Алматы: Дидар, 2005. - 364 б.
60. Ақтаев, Сарбас. Өміріміздің өзекті заңы [Мәтін] : [Конституциялық құқықтар мен бостандықтар барлық жағдайда негізгі құқықтар болып табылады] / С. Ақтаев // Ақиқат. – 2004. – №8. – Б. 3–6.
61. Қазақстан Республикасының Конституциясы=Конституция Республики Казахстан [Мәтін] : ресми басылым. - Алматы: Жеті жарғы, 2003. - 96 б.
62. Тілеубаева, З. Ата заң хақында [Мәтін] : [30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні] / З. Тілеубаева ; З. Тілеубаева // Дүние. – 2003. – №8. – Б. 20-21.
63. Қазақстан Республикасының Конституциясы=Конституция Республики Казахстан [Мәтін] : ресми басылым. - Астана, 1999. - 108 б.
64. Қазақстан Республикасының Конституциясы=Конституция Республики Казахстан [Мәтін] : ресми басылым. - ресми басылым. - Алматы: Жеті жарғы, 1998. - 100 б.
65. Қазақстан Республикасының Конституциясы=Конституция Республики Казахстан [Мәтін]. - 3-бас. - Алматы: Жеті жарғы, 1998. - 176 б.
66. Қазақстан Республикасының Конституциясы=Конституция Республики Казахстан [Мәтін] : 1995 ж. 30 тамызда өткізілген Республикалық референдумда қабылданды. - Алматы: Жеті жарғы, 1995. - 176 б.


Жеті жарғы
Жеті жарғы – Тәуке хан (1678 – 1718) тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдарының жинағы. 17-ғасырда қазақ хандығының ыдырау қаупінің туына байланысты Тәуке хан елдің ауызбірлігін арттыратын шаралар қарастырып, хандық билікті нығайтуға күш салды. Қазақ қоғамының дамуы мықты билік пен бірлікті қамтамасыз ете алатын жаңа заңдар жүйесін қажет етті. Осы ретте Тәуке хан бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдары мен өзінен бұрынғы хандардың тұсында қабылданған “Қасым ханның қасқа жолы” мен “Есім ханның ескі жолын” одан әрі жетілдіру арқылы жаңа заң жүйесін жасауға тырысты. Үш жүздің игі жақсылары мен билерін жинап, оның ішінде атақты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер бар, Күлтөбенің басында “Тәуке ханның Жеті жарғысы” деген атауға ие болған заңдар жиынтығын қабылдады.
Жеті жарғы
Оқу құралы
NURPRESS


"Жеті жарғы"- Қазақ хандығын нығайту мақсатымен Тәуке хан тұсында жасалған қазақтың байырғы әдет-ғұрып жинағы
Әкімшілік
Азаматтық құқықтар
Қылмыстық істер
Діни көзқарас
Салық ережелері

## Тәуке хан (1680 – 1715 жж.)




- Тәуке хан – қазақ халқының тарихи санасында өзінің кемеңгерлігімен, даналығымен, әділдігімен, бітімгерлігімен сақталған хандарымыздың бірі. Жеті жарғы атты заңдар жинағын енгізген кемеңгер әрі әділетті билеуші.
- Тәуке хан тұсында тұрақты мемлекеттік органдар: Хан кеңесі, Билер кеңесі қалыптасты.
- Дау-дамайлар үш жүздің әйгілі, әрі беделді билері (Төле, Қазыбек, Әйтеке) қатысуымен шешілетін болған.



Ұлы жүз – Әзіз Төле би XVII - XVIII ғасырлардағы ұлы тұлғалардың бірі. Ол Тәуке ханның тұсында «Жеті жарғы» атты заң жобасын жазып бүкіл алаш халқына әйгілі болған. Абылай ханнан бастап, Бөгенбай батырға дейін ақыл, кеңес беріп келген атақты Бұқар жырау да Төле биді халыққа үлгі, өнеге етіп жырлады.



Орта жүз – Қазыбек Келдібекұлы 1667 жылы туып, 1764 жылы қайтыс болған. Олда Тәуке ханның «Жеті жарғы» әдеп - ғұрып заң жобасын жасаушылардың бірі. Қазыбек бидің беделі мен ықпалына қазақ хандары ғана емес, ұлы империялардың әкімшіліктері де сүйенген, атап айтсақ 1761 жылы Қытай империясының елшілігі, 1762 жылы орыс мемлекеті әкімшілігінің өкілдері оған арнайы келіп кеңес алып қайтқан.



ӘЙТЕКЕ БИ
(1689-1766)

Кіші жүз – айыр тілді Әйтеке би артында аталы сөзі қалған, есімі ел жадында сақталған қазақтың келелі, шешен билерінің бірі. Жоңғар - қалмақ шапқыншылығына қарсы халық майданын құруға ат салысып, үлес қосқан қоғам қайраткері. Әйтекенің есімі елге ең алдымен тілмар шешендігімен, тапқыр билігімен мәлім.

# ЖЕТІ ЖАРҒЫ

## ӘЗ ТӘУКЕНІҢ ЗАҢДАРЫ

**1 жарғы.** Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын. (Бұл жарғы мемлекеттің бүтіндігін сақтау талабынан туды).

**2 жарғы.** Түркі халқының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы халықтың ортақ мүддесі – елдің бүтіндігін қорғаған біртұтас қоғамдық сананың жемісі).

**3 жарғы.** Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы да жабайылықтың төменгі сатысына тән кісі өлтірушілікке тыйым салған және мәдениеттіліктің белгісі ретінде танылуға тиіс өте елеулі жаңалық).

**4 жарғы.** Өзге біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзушыларға өлім жазасы бұйырылсын.(Бұл неке парызына адалдықты талап еткен маңызы зор жаңалық).

**5 жарғы.** Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын. (Ол кезде «ер қанаты – ат» елдің, мемлекеттің соғыс күші ретінде пайдаланады).

**6 жарғы.** Төбелесте мертігудің түріне қарай төмендегіше мүліктей құн төленсін:
а) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, ал қызы жоқ болса, қыздың малын береді.
ә) төрт мүшенің бірін мертіктірген кісі айыпқа ат береді.

**7 жарғы.** Ұрланған жылқы, өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып төленсін.
Міне, XVII ғасырда өмірге келген «Әз Тәукенің жеті жарғысының» негізгі баптары осындай. Алайда оның негізі ежелгі Түркі мемлекетінде (қағанатында) VI ғасырдың ортасында туған болатын.

## *Құқық әлемі*


Заңды білу-заман талабы
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ
Жалпы бөлімі
Ерекше бөлімі
Халықтың ақ тілегі
Ізгіліктің бастауы
Ата Заң бұл киелі
Еліміздің бас заңы


ҚАЗАҚТЫҢ
АТА ЗАҢДАРЫ
ДРЕВНИЙ МИР ПРАВА КАЗАХОВ
ESKI KAZAK HUKUK DÜNYASI
THE ANCIENT WORLD OF THE KAZAKH LAW


ОҚУ ҚҰРАЛЫ
Қ.И. Оспанов
ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ


Бала құқықтары туралы заңдар
ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ
БІЛІМ ТУРАЛЫ
БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ
КОНВЕНЦИЯ
О ПРАВАХ РЕБЕНКА
unicef
Қазақстан Республикасында
балалар құқықтарының
сақталуы туралы
ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ
КОНСТИТУЦИЯ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН


КОНСТИТУЦИЯСЫ
ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ
Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын Қазақстан Республикасының Президенті ұсынып, оны халық 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылдады.
Республикалық референдум қорытындыларының ресми түрде жариялануы Конституцияның 1995 жылғы 5 қыркүйектен бастап күшіне енуіне байланысты.
Қазақстан Республикасының Конституциясы.
Бұл қазақша, орысша, ағылшынша — үш тілдегі кітаптар.

# *Қазақстан Республикасының кодекстері*










ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК
КОДЕКСІ
2016


ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ-
АТҚАРУ
Қазақстан
Республикасының
ЖЕР
КОДЕКСІ


КОДЕКСІ
ӘКІМШІЛІК
ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚ
ТУРАЛЫ
Қазақстан
Республикасының
Кодексі
ЖАҢА


ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
КОДЕКСІ


ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
СУ КОДЕКСІ

## *Ата Заң туралы өлеңдер*






## *Ата Заңым- айбыным*

*Еліне арналатын тілегі шын,*
*Ей, ұлым – Отанымның түлегісің!*
*Іргесін туған елдің тіреп тұрған*
*Қадірін Ата Заңның білемісің?!*

*Ешкім де мін таға алмас елдігіме!*
*Дауласып жармаспайды белдігіме.*
*Бойында Ата Заңның өріліп тұр*
*Даламның кеңдігі де, теңдігі де!*

*Бағынған өз заңына жұмыр ғалам,*
*Сондықтан Күннен Жерім суынбаған.*
*Қоғамның сан саласын реттейтін*
*Әрбір заң Ата Заңнан туындаған.*

*Бастайтын болашаққа бақ кемені,*
*Осы жол халықтың да нақ сенері!*
*«Халқыма адалмын!» деп Ата Заңға*
*Елбасы қолын қойып Ант береді.*

*Болғанмен бұл Өмірде айлаң күшті,*
*Ел үшін кім тындырар қайран істі?!*
*Еліңнің дамуы мен дағдарысы*
*Ол-дағы Ата Заңға байланысты!*

*Нұр шашқан жас ұрпақтың ұғымына,*

*Тікелей әсер еткен ғұмырына*
*Айналды Ата Заңым мызғымайтын*
*Тәуелсіз мемлекеттің тұғырына!*

*Әр бабы, әр тармағы жойылмайды,*
*Шектеу де және тегін қойылмайды!*
*Келісім-шарт жасасқан барлық шет ел*
*Қазақтың Ата Заңын мойындайды!*

*Өмірден әділдік пен бақ табатын,*
*Құқығым қорғалды деп шаттанатын,*
*Өзіңдей жас өркендер келеді өсіп*
*«Бұл біздің – Ата Заң» деп мақтанатын!*

*Өркендеп өз қолына алған ісі,*
*Биікке қазағымның самға, құсы!*
*Халық боп қадір тұтып, қастерлеген*
*Ата Заң – Азат елдің Ар-намысы!*

***Айбатыр Сейтақ***

## *Азаттықтың Ата Заңы*

*Бір шақта азаттық деп алаңдадың,*
*Жаңғырды сол тарихың санаңда мың.*
*Тізесі барды бүктіріп, елдік құрып,*
*Басы барды еңкейткен қағандарым!*

*Болашағын айшықтап таңнан ұғар,*
*Бүгінгі ұрпақтың да өз арманы бар.*
*Бабалары ел бопты кеше оның*
*Өзіндік мемлекеті, заңдары бар.*

*Ұмытпа деп Иеңді сен көктегі,*
*Мұсылманға болды анық арлы өткелі.*
*Қайнар көзі Құран мен Сунна болған*
*Мазһабтарың еді ғой заң мектебі.*

*Болған соң ұлтым да анық таным мықты,*
*Көрген-ді жанынан да арын мықты.*
*Мұсылмандық құқықпен сабақтасқан*
*Дала заңы ту етті әділдікті.*

*Сақтаған шекарасын жаттан да аман,*
*Бір ауыз тура сөзге тоқтар бабам.*
*"Қасқа жол", "Ескі жол" деп аталатын*
*Қасым хан, Есім ханнан баптар қалған.*

*Баспаған батырлары сында аптығын,*
*Жау тисе, жорық жырын шырқапты мың.*

*Әз-Тәуке - "Жеті Жарғы", ердің құны,*
*Билерін ұмытқан жоқ ұрпақ бүгін.*

*Көрсек те кеше қысым жаттан анық,*
*Өзгенің ала жібін аттамадық.*
*Бүгінгі Ата Заңым сол тарихтың*
*Бостандық боп бекіген баптары анық.*

*Адамның құқығының қорғап бәрін,*
*Айқындап берді билік тармақтарын.*
*Халықаралық құқықпен үндестің де,*
*Әлемде өз орныңды салмақтадың.*

*Тәуелсіз ел боп солай бағаланып,*
*Құқықпен іргесін ел қалады анық.*
*Барлық заң қабылданған елімдегі*
*Бастауын Ата Заңнан алары анық.*

*Айдында жүзіп елдің өр кемесі,*
*Өзгемен бүгін де, ұлтым, тең келесің.*
*Құқық пен бостандыққа кепіл болған*
*Ата Заң - еліміздің мәртебесі!*

***Ғабиден Қожахмет***

## *Ата заң*

*Ақ ары-сенер мияты ,*
*Басынан нелер өтпеген.*
*Ұлт едік уыз-ұяты,*
*Уыстан шығып кетпеген .*

*Жуаны сөзге жығылып,*
*Дуалы сөзге тоқтаған .*
*Даланың заңын ұғынып*
*Бетімен кеткен жок бабам*

*Ел едік кеше тәу етер.*
*Даланың ғана занына,*
*Тәукелер еткен тәуекел,*
*Алаң боп елдің қамына.*

*Айналып заңға көшелі,*
*Кеңіді бүгін арнасы.*
*Әз Тәуке жазған кешегі,*
*«Жеті жарғының» жалғасы.*

*Арайлы күнге жол аштың,*
*Аманат болып атадан.*
*Айбыны сенсің -Алаштың,*
*Арымдай асқақ Ата-заң!*

*Шаттықтың күйін шертейік,*
*Елміз ғой жұртпен тең күші.*
*Елбасы сүйген еңкейіп,*

*Елдіктің ерен белгісі.*

*Раббысын ғана растайтын,*
*Басымды ием мың рет.*
*Тура бір жолға бастайтын,*
*Құраннан соңғы құдірет!*

***Ақтолқын Күлекеева***

## ***Заң дәстүр***

*Ата заңымның анасы болған дәстүрім,*
*Ата салтында – ғажайып ғұрып, жақсы ырым.*
*Ата бабамның ақ отау, алтын бесігі –*
*Атамекенім! Алладан соңғы басты ұғым!*

*Шариятымды, ар-ұятымды шаң басып,*
*Шаңырақ қалды. Шежіре сырдан шал қашып.*
*Шала білетін ұлтымның ұлық тарихын,*
*Шалағайлар жүр ата дәстүрден алжасып.*

*Қасиет қалмай, береке болмай ісімде,*
*Қас дұшпан келіп қасықтап қанымды ішуде.*
*Қасымхандардың қасқа жолынан адасып,*
*Қасқырдай болып ұлиды- ау, үрей ішімде.*

*Есімнен қалған елді адастырмас ескі жол,*
*Есімдегі әлгі ән, «Елім- ай» еміс естілер.*
*Есіктен қарап қалмасын қайран қазағым,*
*Есілге қонған есіл ерлерім, есті бол!*

*Тәуелсіздіктің жолында кеше мың өлдік,*
*Тәубасын айтып Тәңірге бүгін жүрер жұрт.*
*Тәуекел етіп, жеті жұртымның қамын жеп,*
*Тәукедей, сірә, жасайтын кім бар бір ерлік?!*

*Залалы тимей заманды мынау кім күштер?*
*Заңғар таулардай бола алар ма екен «білгіштер»*

*Замандалардан қазақтың заңы – дәстүр ғой,*
*Заң бұзғандардың бәрі де, ендеше, қылмыскер.*

***Қалқаман Сарин***

## ***Конституция, заң туралы қанатты сөздер***


ҚР Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың
Конституция туралы қанатты сөздері
«Азаттығымыздың айшықты айғағы болған Ата Заң – тәуелсіздіктің теңдессіз тартуы!»
«Халық – биліктің қайнар-көзі, Конституция – көптің киелі сөзі»
«Ата Заң – біздің азаттық алғалы атқарған барлық істеріміздің алтын таразысы»
«Конституциямыз – қабылданған күннен бастап, тағдыр тоғыстырған көпұлтты халқымыздың татулығы мен тұрақтылығына тұғыр болып келеді»
«Азат елдің ар-намысындай болған Ата заңымыз – қазақтың ұлан-байтақ даласының кеңдігін де, елінің ерлігі мен өрлігін де бойына сыйғызған құдірет»
«Тәуелсіз елдің мызғымас тұғырына айналған Ата заң – елдігіміздің киелі кітабы іспетті қастерлі құжат»
«Ата заңымыз – қазақ мемлекетінің дамылсыз дамуына, үздіксіз өсуіне кепіл болған барша заңдарымыздың қайнар көзі, бастау бұлағы»
«Кешегі тарихтан тамыр алған, ертеңгі тарихқа тұғыр болған Ата заңымыз салтанат құрып тұрғанда еліміз толағай табыстарға бөлене бермек»

***«Заң – адам пайдасына жазылады, адам заң үшін тумайды»***

***Әлихан Бөкейхан***

***«Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды»***

***Б.Момышұлы***

***«Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты»***

***Шерхан Мұртаза***

***«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ»***

***Ж.Баласағұн***

***«Заң адамды бағындырады, заңды ақыл бағындырады»***

***Т.Фуллер***




***Кітапхананың оқу залында***
***ұйымдастырылған тақырыптық көрме***

## *МАЗМҰНЫ*


| | | |
|---|---|---|
| 1. | Ардың шыңы – Ата Заң.............................................................................. | 5 |
| 2. | Басылым беттерінде жарияланған<br>Конституция туралы мақалалар тізімі.................................................... | 12 |
| 3. | Жеті Жарғы туралы................................................................................. | 18 |
| 4. | Құқық әлемі............................................................................................... | 22 |
| 5. | Қазақстан Республикасының кодекстері................................................ | 24 |
| 6. | Ата Заң туралы өлеңдер.......................................................................... | 26 |
| 7. | Конституция, заң туралы қанатты сөздер............................................. | 33 |

***Біздің кітапхананың мекен-жайы:***
***110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы***
***Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.***
***E – mail: arkounb@mail.ru***

***Құрастырушы: С.Г. Ермағанбет***
***Компьютерлік терілім: С.Ғ. Ермағанбет***
***Редактор: Ә.Қ. Ахметжанова***
***Шығарылымға жауапты: К.Б. Борибаева***
***Басуға қол қойылды 03.08.2020***
***Таралым 5***
***Басылым: ксерокс***
***Көлемі 0,4***